



*Мерекелеріңізбен,
қылыбатты арулар!
Спраздником, дорогие женщины!*



Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ, БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№1 (67)
5 НАУРЫЗ 2016 ЖЫЛ



*Аса құрметті профессор-оқытушылар
мен университет қызметкерлері!
Қадірлі аналар, құрметті арулар!*

*Баршаңызды көктем мерекесі 8 наурыз - халықаралық
әйелдер күнімен құттықтаймын!*

*Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің әлеуеті нығайып, еліміздегі алдыңғы
қатарлы жоғары оқу орындарының қатарынан
орын алуында Сіздердің үлестеріңіз аса зор.
Университеттің сан салалы қызметіндегі, білім мен
ғылымды дамытудағы, кәсіби білікті
мамандар дайындаудағы өлшеусіз еңбектеріңіз үшін
Сіздерге құрметімді білдіремін.*

*Биылғы көктемнің ерекшелігі, Пәуелсіздіктің
25 жылдық мерейтойлық жылында ұлттық күнтізбеміз
мерекелік қатармен - Алғыс айту күнімен толықты.
Алғыс айту күні қазақстандық патриотизмінің, достық
пен бірлігіміздің, мәдени саналуандығымыздың жарқын күні.
Тұрлі этностың қайталанбас өрнегін сақтап, біртұтас
Қазақстан халқы бірегей артықшылықтар иесіне айналды.*

*Аспаны ашық, арманы асқақ Алаш арулары,
университетіміздің ардақты қыз-келіншектері қауымы,
төл мерекелеріңіз - халықаралық әйелдер
мерекесі күні құтты болсын!*

*Досмұхамедов университетінің аяулы ұстаздарына,
ару студенттеріне ықыласпен ризашылығымды білдіремін!*

*Берекелі елдің ынтымағы мен ырғысын тасытқан
ниеттеріңіз қабыл, болашағымыз баянды, ұрпағымыз
ибалы, отбасымыз берік, еліміздің іргесі мықты болсын!
Көктемнің алғашқы шуағымен қатар келетін осынау
мерекелі күні жүздеріңіз жадыраңқы,
көңілдеріңіз шат болуына тілектеспін!*

Ігі тілекпен, ректор, профессор Б.Маураев

Алғыс айту парызым

**Биыл елімізде алғаш рет тойланған Алғыс айту күнін
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
ерекше көңіл күймен атап өтті.**

Жастар саясаты департаменті «Жақсылық жолы» қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды. Акциядан түскен қаржы тұрмысы төмен отбасыларға тапсырылатын болады.

Халқымыздың игі дәстүрінің бірі - «Бата беру» сайысына факультеттер белсенді қатысты.

Медиаорталық «Қазақстанға жол» сериясы негізінде қазақстандық этностар жайындағы бейнеба-
яндар топтамасын университетішілік телеарна арқылы көрсетті.



*Құрметті әріптес
қыз-келіншектер!*

*Біз асыға күткен көктемнің алғашқы күндерімен
бірге 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні де
келіп жетті. Бұл - бір қолымен бесікті, екінші
қолымен әлемді тербеткен аналар мен нәзік
жанды қыздар қауымының төл мерекесі.
Сіздерге қызметкерлердің қамқоршысы аталған
кәсіподақ ұйымы атынан сарқылмайтын
денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін. Лайымда
аспанымыз ашық, күніміз нұрлы болғай!*

*Қылышбай СҮНДЕТҚАЛЫ,
университеттің бастауым
кәсіподақ ұйымының төрағасы*

КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТ: ЖАҢА КАДРЛЫҚ САЯСАТ

облыстық ғылыми-практикалық конференция

28 қаңтарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын мерекелеуге арналған облыстық іс-шаралар аясында университетте «Кәсіби мемлекет: жаңа кадрлық саясат» атты облыстық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.



Конференцияда мемлекет аппаратын кәсібилендіру, мемлекеттік қызмет және қоғамдық бақылау, 5 институционалдық реформаны жүзеге асыру шеңберінде мемлекеттік қызмет кадрларын даярлаудағы заманауи әдістер, кәсіби мемлекетті қалыптастырудағы құқық саласы кадрларын дайындаудың талаптарын жүзеге асыру және басқа да келелі мәселелер талқыланып, сөз сөйлеушілердің ұсыныстары мен пікірлері назарға алынды.

Ғылыми жиынға Мемлекеттік қызметкерлерді қайта даярлау, біліктілігін арттыру және тілдерді оқыту өңірлік орталығы директоры м.а. С.Құбашева, Атырау мұнай және газ институтының проректоры А.Майдырова, Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының, Атырау қаласындағы колледждердің оқытушылары, университеттің профессор-оқытушылар құрамы, студенттер, БАҚ өкілдері қатысты.

Университет проректоры Ғалия Салтанова жиынды кіріспе сөзбен ашып, кәсіби мемлекетті дамытудың маңыздылығына, осы бағытта оқу орнында атқарылып жатқан іс-шараларға тоқталды.

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Атырау облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының басшысы Шыңғыс Әлекешев «Мемлекеттік аппараттың кәсібилендірілуі» баяндамасында Ұлт жоспарын жүзеге асыру бойынша мемлекеттік қызметке қойылатын жаңа талаптар, мемлекеттік қызметшілердің мансаптық өсу қағидалары және басқа да мәселелер жайында айтып өтті.

Университеттің экономика және құқық факультетінің деканы, экономика ғылымдарының кандидаты Қансұлу Өтепқалиева «Мемлекеттік қызмет және қоғамдық бақылау» баяндамасында мемлекеттік қызметтің сапасын арттырудағы қоғамдық бақылау мен қоғамдық кеңес жұмыстарына тоқталды.

«Тәуелсіз Қазақстанның прокуратурасы: кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселелері» тақырыбында Атырау облысы прокуратурасының соттарда мемлекет мүддесіне өкілдік ету басқармасының басшысы, кіші әділет кеңесшісі Бағытжан Калиев баяндады.

Атырау мұнай және газ институтының проректоры Айгүл Майдырова өз сөзінде қазіргі кездегі мемлекеттік қызметтегі өзгерістер, мемлекеттік қызметшінің мансаптық өсуі мен еңбек нәтижесінің бағалануы туралы біздің еліміздегі және шетелдік тәжірибелерге талдау жасады.

Атырау облысы әкімі аппаратының «Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау, біліктілігін арттыру және тілдерді оқыту өңірлік орталығы» КМҚК біліктілігін арттыру бөлімінің меңгерушісі Лаура Ғазизова өз баяндамасын мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзіреттілігін арттырудағы Өңірлік орталықтың қызметіне арнады.

Республикалық «Қазақстанская правда» газетінің меншікті тілшісі, экономика мамандығының магистранты Ринат Құлмағамбетов мемлекеттік қызметшінің беделін қалыптастыру, олардың БАҚ-тағы жағымды келбеті жайындағы ойларын ортаға салды.

Сонымен қатар университет ғалымдары, менеджмент кафедрасының меңгерушісі Райхан Уталиева, азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі Әділбек Тұрдалиев, қылмыстық құқықтық пәндер және криминалистика кафедрасының меңгерушісі Жанна Шаяхметова мемлекеттік қызметшілерді дайындау бағыттары бойынша өз ойларын айтса, Информатика мамандығының магистранты Жанар Ермағамбетова білім мен ғылым интеграциясы жайындағы пікірімен бөлісті.

Баяндамалар тақырыпқа сай инфограммалар және слайдтармен сүйемелденді. Қатысушылар тақырыптық кітап көрмесімен және университет оқу-ғылыми лабораторияларымен танысты.

Конференция соңында баяндамалар мен жарыссөзге қатысушылар пікірлерін ескере отырып, өз ұсыныстарын қабылдады.

Гүлфайруз
ҚАЙЫРҒАЛИЕВА



Праздник памяти и дружбы

29 февраля в конференц-холле АГУ имени Халелы Досмухамедова прошла областная научно-практическая конференция «Ұлы Дала Елінде тоғысқан тағдырлар: тарих және тағылым», организованная Ассамблеей народа Казахстана Атырауской области, КГУ «Қоғамдық келісім», Атырауским государственным университетом им.Х.Досмухамедова и научно-экспертной группой АНК.

В работе конференции активное участие приняли ученые, представители этнокультурных объединений, молодые ученые, студенты.

Работа конференции была посвящена Дню Благодарности, который казахстанцы в этом году отмечают впервые.

На конференции выступили профессор Атырауского государственного университета им.Х.Досмухамедова, доктор исторических наук Бердигожин Лескалы Базарғалиевич, председатель Атырауского филиала Всемирной Ассоциации казахов Алимгереев Утепберген Алимгереевич, профессор Атырауского института нефти и газа, член научно-экспертного совета АНК

Атырауской области Утельбаев Карим Токтарович, представитель молодежного крыла корейского этнокультурного объединения «Тхоньил» Ю Валерия, студент 2-курса Досмухамедов университета Чалов Елисей, председатель грузинского этнокультурного объединения «Иверия» Бобохидзе Зураб Гедеванович и т.д. В своих выступлениях докладчики рассказывали историю депортированных народов в Казахстан и о значении Дня Благодарности для них.

В рамках конференции была представлена выставка, показ видефильмов о депортации народов СССР в Казахстан.

Пресс-служба

Заседание НЭГ в институте АНК

В институте Ассамблеи народа Казахстана Атырауского государственного университета состоялся круглый стол на тему «Роль депутатской группы АНК Мажилиса Парламента РК в реализации казахстанской идентичности и общенациональной идеи «Мәңгілік Ел».

В работе круглого стола принимали участие члены научно-экспертной группы АНК Атырауской области, представители этнокультурных объединений, преподаватели и студенты университета. Заместитель председателя НЭГ, доктор философских наук О.Бекежан, руководитель секции «Государственная этнополитика», профессор АИНГ М.Утельбаев в своих выступлениях говорили о важной миссии депутатов Мажилиса от АНК в сохранении мира, толерантности в стране.

Члены группы проректор АИГИ Ж.Хасанова, руководитель пресс-службы АГУ Г.Кайргалиева рассказали о формировании идентичности и единства народа на основе гражданства. Также свои мнения высказали кандидат филологических наук, профессор АИНГ В.Ермольчева, заведующий лабораторией социологических исследований АГУ А.Турапи.

Асел КЕНЖЕТАЙ



АБАЙ МҰРАСЫ - ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Өткен жылы қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 170 жыл толды. Осы орайда 4 ақпан күні университетте ұйымдастырылған «Абай мұрасы - халық қазынасы» атты ғылыми-тағылымдық шарасы мазмұндылығымен ерекшеленді.

Іс-шараның аясында философия ғылымдарының кандидаты, профессор Әбдірайымов Шақанай Әміржанұлының «Абай жұмбақтығы - философиялық мәселе» атты үш бөлімнен тұратын кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры Қадыр Жүсіп жиынды кіріспе сөзбен ашып, Абай әлемінің қазіргі кездегі маңызына, дүниеге қазақ деген ұлы халықтың бар екенін танытқан Ұлы Абайға арналған кездесудің мақсатына тоқталды.

Осыдан кейін университеттің бірінші проректоры, профессор Бахыт Ахатұлы Жаутиков пен кітап редакторы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің профессоры Әубәкір Дәуренбек «Абай жұмбақтығы - философиялық мәселе» кітабының салтанатты тұсаукесер рәсімін жасады.



Жиынға арнайы келген қонақ, философия ғылымдарының докторы, профессор Әубәкір Дәуренбек кітаптың баспаға дайындалуы, кітаптағы автордың философиялық көзқарастарына тоқталды: - Бүгінгі кезең Абай әлемі деңгейін дүниежүзілік өзгерістермен қабыстырып, заманға сай зерттеу - заман талабы. Абай шығармашылығына тұтастық беріліп, Абайдың философиясының зерттелуі тәуелсіздіктің арқасында мүмкін болды. Абайдың 45 қара сөздері, бәрі де батыстың философиялық дүниелерінен бірдебір кем емес. Абай бабамыздың шығармашылығының мазмұнын ашатын «Үшкіл» теориясының ғылыми мүмкіндіктері алынды. Оның бағыттарын Абайдың қоғамдық-саяси көзқарастары, Абай мен Мұхтар шығармашылығы, бұның халықтық, ұлттық және ұлтжандылық қасиеттері, үшінші - Абай философиясы туралы ойлар, болжамдар құрайды.

Философия ғылымдарының докторы, Алматы энергетика және байланыс университетінің профессоры Сәбит Мұрат, техника ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің профессоры, Дәурен Ахметбаев аталмыш еңбектің жазылуы мен жариялануы жайында айта келе, Абай философиясының ұлттық болмысты танудағы ролін, оның маңызын атап өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Г.Нұрышева ғалымның зерттеулеріндегі Абай шығармашылығындағы әйел бейнесінің сипатталуы бойынша ойларымен бөлісті. Сонымен қатар өзінің еңбек жолын осы оқу орнынан бастаған ғалым университеттің ғылыми кітапханасына бірнеше кітаптарын сыйға тартты.

Досмұхамедов университетінің профессоры Қадыр Жүсіп Абай мен Мұхтар шығармаларындағы параллельдерді терең зерттеу негізіндегі профессор Шақанай Әбдірайымовтың ғылыми жаңашылдығына мән берді.

Тұсаукесерге қатысқан профессор Ш.Ә.Әбдірайымовтың ұрпақтары атынан сөз алған қызы Райхан Шақанайқызы әкесінің ғылыми мұрасы, оның өмір бойғы талмай ізденісінің нәтижесінде қалың көпшілікке қолдама алған кітаптарының Абайдың мол мұрасының халық қазынасына айналғандығының дәлелі екендігіне баса назар аударды.

Кітаптың тұсаукесер рәсімінде қатысушылардың назарына Шақанай Әміржанұлы туралы бейнебаян ұсынылды.

Кездесу соңы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті музыкалық білім мамандығы студенттерінің концертімен жалғасты. Абай оқулары байқауларының жеңімпаздары Ақерке Нағимова мен Рахымжан Орынбасаров Абайдың қара сөздерін оқыса, университет хоры Абайдың «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» әндерін орындады.

Шараға қатысушылар «Абай мұрасы - халық қазынасы» атты кітаптар көрмесін тамашалап, университет зертханалары мен мұражайына экскурсия жасады.

Сара ҚАЙЫРҒАЛИ



«Менің жетістігім - Тәуелсіздік жетістігі» жастар форумы

Университеттің бір топ белсенді жастары 27 қаңтарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Г.Әбдіқалықованың қатысуымен Ақтөбе қаласында өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Менің жетістігім - Тәуелсіздік жетістігі» атты жастар форумына қатысты.

Форум аясында делегация мүшелері С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Жастар комитетінің мүшелерімен кездесті. Форум А.Жұбанов атындағы университеттің Студенттер Сарайы ғимаратында өткен форум 900-ге жуық студент қатысты.

Аймақаралық форумға Қызылорда, Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының жастарымен қатар Ресей Федерациясының Оренбург облысынан делегация келді.

Іс-шараның басты қонақтары қатарында Ақтөбе

облысының әкімі Бердібек Сапарбаев және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Г.Әбдіқалықова болды.

Атырау облысы делегациясы мүшелері форум аяқталғаннан кейін Ақтөбе қаласының тарихи-мәдени нысандарымен танысу экскурсиясына қатысты.

Данагүл ЖАЙЛАУБАЕВА,
форум делегаты,
Жастар саясаты департаментінің директоры

Жастар сайлауды қолдайды

Биылғы жылы 20 наурызда Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтетінін бәріміз білеміз. Әлемдегі өзгерістер аясында сайлау өткізу кезек күттірмес маңызды шешім. Себебі, нарықтағы туындап отырған экономикалық ахуал осыған итермелеп отыр. Жаһандық сындар алдында еліміздің өзіндік жауап қайтаруының бірі болып, қолдағы бар қаржының шашауын шығармай үнемді пайдалану, келешектің кілті болар жоспарлы науқандарды да шашауын шығармай өткізу.

Осы тұрғыдан алғанда, Парламент Мәжілісінің сайлауын өткізу өте орынды мәселе және бұны еліміздің жастары да, Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенттері де қызу қолдайды деп білеміз. Жағдай ушыққанда әрекет етуді емес, алдын ала ойластырып, қиындықтан қысылмай өтудің жолын ойластырған, әлбетте, ұтады. Елбасымыз - Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың осынау қадамға баруының астарында да ұтылып қалмаудың, ұлтын үлкен жеңіске жетелеудің мақсаты жатқаны анық.

Осыдан шығар болсақ, мәжіліс пен маслихат сайлауының бірге өтуінің тиімділігі өте зор. Өйткені, дағдарыс кезінде Қазақстан үшін әрбір ұтымды ой, еліміз үшін пайдасы зор бастамалардың бірі болмақ. Сайлаудың маңызын халық та, сайлауға қатысатын кандидаттар да, сайланған депутаттар да терең түсінуі тиіс. Біз, жастар – болашақ үміткерлер арасында ел үшін еңбек ететін, халық мүддесін қорғайтын тұлғалар болғанын қалаймыз. Әсіресе, дүниежүзілік қаржылық-экономикалық дағдарыстың елімізге тигізіп жатқан теріс

әсерінің алдын-алу мақсатында да халықтың өзі таңдайтын партия депутаттары біраз қажетті іс-шаралар атқарады деп сенеміз.

Жастар - елдің болашағы, мемлекетті алға қарай жетелейтін үлкен стратегиялық күш. Елбасымыз айтқандай, «Жастары мықты ел - мәңгілік ел бола алады». Ендеше, Қазақстан жастары болып, сайлауға атсалысайық.

Әсел КЕНЖЕТАЙ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасөз хатшысы



Баянсұлу
Сұлу хатшы Баянсұлу
Шүнде, таңда, әрқашанда
Баянсұлу - ояу сұлу.

Университет жайлы
Ақпаратты жатқа соғып,
Жсайф сұлу - Баянсұлу!



Айсұлу
Бізде, білсең, сұлулар көп,
Соның бірі - ол - Айсұлу!
Әдебиет аймағында
Ширегіне келмейді оның
Шалай сұлу, талай сұлу!

Шәкірттерін уысында.
Ұстайды ол өлең үшін.
Айсұлудың әр дәрісі -
Шұңғық та өрелі шың!

Ажар
Алдаспандай жарғұылдап,
Сөйлегенде сөз алып.
Кір - қоқыстан кетеді
Көкірегі пазарып.

Мына биік аспанды
Кеудесімен тіреп тұр.
Микрофон писе қолына
Болмай қалай бұл маңда,
Одан асқан лектор!



Зурфат
Ракета бар бізде
Ұшатын зымырап.
Зулайды әр кезде
Сұлу қыз Зурфат.

Ұсынған жұмысты
Шастайды тындырып.
Зулаумен бір нәрсе
Алмасын сындырып!




Шолпан
Жұлдызды халық ұнатқан
Жарғұырап туған таңда.
Шолпан да бізді бастайды
Шек қана алға!
Басталды оның ғылымы -
Дастаны бізде.
Болса екен дейміз әрқашан
Аспаны бізде!



Сәурте
Асықпай сызылып,
Келеді сұлу Сәурте.
Көңілдер бұзылып
Кейбіреу балады әуре!

Жсай басып самарқау
Жсүргендей бақшада.
Батыстан күн шығып,
Жсайық теріс ақса да!

Күләш
Кітабымен Мағжанды
Атырауда сайрапты.
Мақала жазбайтын
Шалайды «жайрапты»!
Мерейлі жаста да
Болмайды кемуре!
Мағжандай дүние
Жарғұылдар 50 - де.



Анарба
«Ай - хай» деген өз үйім,
Ойлап едім болса деп.
Ең болмаса Жсиренше
Арманындай қонса деп.
Екі аяғың шықпайтын
Жатқаныңда көсіліп.
Берді Алла баспана
Көлемімен өсіріп.
Үміңді үзбедің
Атам дедің қалайда.
Алдамады нұрлы арман.
Неферттің сияқты
Шалқай еркін сарайда!



София
Үздік доктор бар бізде
Жсұртты үйірен сөнімен.
Шаңқалдырған шетелді
«Софмая» атты нәрімен.

Сұлу жүзі жарғұырап,
Жсурналдарды жаулаған.
Шәлегенді таңғалтқан
Қыз Жібектен аурмаған.

Жағымдасан маңына
Сезесің бір жылылық.
Лебінен тарайды.
Бойындағы ұлылық.

«Софмаяның» даңқына
Континенттер елеудеп.
Шамсанады алыстан
Бір - бір татып көрем деп.

Жсүрсе дағы София
Шетелдікті таңқалтып.
«Софмаядан» ешқашан
Көрмегенбіз дәм татып.



Бақыт

*Сұлулардың сұлуы
Шаныңыздар Бақытты
Оны күнде көрсем деп
Жойып жүрмін уақытты!*

*«Қыз жібек» деген клубын
Шырқапайды жырғандай.
Көріктінің талайын
Көрің келсе жұрдындай.*

*Жібектей сөзі есілен,
Естіледі мақпалдай.
Ал жүзіне қарасаң,
Атқан жаңа ақ таңдай!*

*Сол клубқа жігіттер
Сығалайды есікпен.
Махаббат жайлы сөздерді
Шалайлары есіткен.*

*Жалп - жұлт еткен
көз қандай,
Шыңыраудың мөлдірі.
Үлбіреген таманы
Қас сұлудың өндірі.*

*Бақыт, қыздың бақыты -
Жігіттер юй мәңгілік.
Оларды да шақырып,
Өткізсейші қандырып,
Өмірлерін ән қылып.*



Ақмарал

*Көзі тұздай бір қыз бар,
Оның аты - Ақмарал.
Көрің оны келсе егер.
Кітап деген баққа бар!*

*Үйіреді маңына
Шаланттарды арасында.*

*Мұқағали алегін
Жатқа соғар ғаламат.
Елемейді көлемін,
Шақырыбын салалап.*

*Қамалайды айнала
Ақын біткен жан - жағын.
Кеш өткізіп жатады
Күмбірлетіп залдарын.*

*Жығра әуес ұл - қыздар
Жүреп оның қасында.*

*Шәкірттерді Ақмарал
Кітабына жақын қып.
Жіберер - ау бәрін де
Өлгі ұлы ақын қып.*

Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұлағатты ұстаз

Ұстаздық - ұлы жол. Өйткені дәл осы салада ұлт болашағы тәрбиеленеді. Ал бүгінгі білім жүйесінің бағыты қалай? Кейінгі буынның беки түсуіне мұғалімдердің үлесі қандай? Осы жайында талай жыл білім беру көкжиегінде тер төккен тәжірибелі ұстаз, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры, ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған дәстүрлі «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» республикалық байқауының жеңімпазы Бақытгүл Толыбекқызымен аз-кем сырласқан едік.



-Бақытгүл Толыбекқызы, әңгімемізді сіздің балалық шағыңыздан бастасақ. Бала күніңізде кім болуды армандадыңыз? Жалпы сіз физика пәнін өз қалауыңызбен таңдадыңыз ба, әлде өзгелердің ықпалы тиді ме?

- Әрине, мен бала кезімнен бастап есеп шығаруға өте құмар болдым. Мұғалім болсам, өскелең ұрпаққа білім берсем деген арманым болды. Сол арманмен КазГУ-дің физика факультетіне түстім. Жалпы физика пәнін өз қалауыммен таңдадым.

- Білім саласындағы бүгінгі күннің өзекті мәселесі не деп ойлайсыз?

- Менің ойымша, кез-келген елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болатыны анық. Олай болса білім беру жүйесін тиімді құра білген ұлттың еңсесі биік, абыройы да жоғары болмақ. Сонымен қатар бүгінгі жаһанданған әлем бізден келешек ұрпағымыздың ғаламдық білім жарысында бәсекеге қабілетті болғанын талап етеді. Өйткені ұлтты ұшпаққа шығаратын маңызды сала - білім мен ғылым. Сондықтан да, менің пайымымша, білім саласында ғана емес, барлық бағытта да бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі - жастардың ақыл-ой әлеуетін барынша дамыту, ұлттық сезімдерін ояту, патриоттық рухты қалыптастыру. Демек, ұстаз, отбасы, қоғам арасында өзара тығыз ынтымақтастық орнаған жағдайда ғана білімді де білікті ұрпақты тәрбиелей алатынымыз сөзсіз. Бұл өз кезегінде баршаның мойнына үлкен жауапкершілік жүктейтіні белгілі.

- Ал, қазіргі жас мұғалімдерге қандай ақыл айтар едіңіз, оларға көбінесе қандай қасиеттер жетіспейді?

- Қазіргі жас мұғалімдер, әрине, олар жан - жақты болып келеді. Өйткені заманға сай, технологияға

сай қызмет етуде. Дегенмен, жас мұғалімдер көп еңбектенбейді. Шығармашылық табыстарға жету үшін әлі де ізденулері қажет.

- Шәкірттеріңіздің арасында өзіңіз үміт күтетін, жетістіктерімен ерекшеленіп жүргендері бар ма?

-Болашағынан үміт күтетін алғыр жастар бар. Физика мамандығының 2-курс студенті Қабиден Қыдыр, 4-курс студенттері Еділжанқызы Фариза, Узағалиева Айсұлу сияқты студенттеріміз ғылыми-тәжірибелік конференцияда өз белсенділіктерін танытып, жетістікке жеткен болатын.

- Сіз үшін бірінші орында отбасыңыз ба, әлде жұмысыңыз ба?

-Жұмысым менің екінші отбасым. Жұмысым мен үшін маңызды. Сондықтан отбасы мен жұмысты бөліп алып қарау қиын. Дегенмен, әрине отбасы бірінші орында болу керек.

- Үлгілі және жан-жақты ана мен жар болудың құпиясымен бөлісе аласыз ба?

-Отбасындағы ең басты құндылықтар - өзара түсіністік, өзара қолдау мен көмек, - деп ойлаймын. Мен ананың аяулы алақанын, әкенің асқаралы сүйеуін сезініп өскен жанмын. Әкем мен шешем әрдайым біздің тату-тәтті болып, бір-бірімізге қолұшын беруіміз керектігін түсіндіріп отыратын. Осындай отбасында әдеп-инабат, адалдық пен ақпейілдік үстемдік етеді. Үлгілі және жан-жақты ана мен жар болудың құпиясы осында ма деп ойлаймын.

- Баланы тәрбиелеуде қандай көзқарастарды ұстанасыз? Өзіңізді қатал немесе өте жұмсақ анамын деп айта аласыз ба?

-Меніңше, кез келген бала үшін ата-анасы - ол құрбылысы бола ма, яки ғалым, академик, жазушы бола ма - әркімнің өз ата-анасы өзіне ардақты, өзіне әулие ғой. Әке мен ана баланы бірге тәрбиелеу керек, себебі бала тәрбиесіндегі

әкенің орны ерекше. Әкенің қатал талабын және тәрбиесін көрген бала ертең қоғамда да, өз отбасында да шешуші тұлға бола алады. Әке қашанда баланы сөзбен емес, өзінің ісімен тәрбиелеуі тиіс. Менің де әкем солай. Әкемнің сондай сыйлы, құрметті болуы тек ұрпағына ғана емес, артында қалған ағайын-туған, ел-жұртына мерей, мақтаныш. Әкешемнің арқасында қазақтың игі жақсыларын көрдім, солардың ғибратын тыңдадым. Қазақта «көргені жақсы», «көргенді жердің баласы» деген сөз бар. Мен сол көргені жақсының қатарынанмын. Анам екеуі ерлі-зайыпты өмірдің тамаша үлгісін көрсетті. Ол дегеніңіз, көкірек көзі бар, тағылым аламын деген балаға таптырмайтын үлгі-өнеге емес пе? Бойыма сусындыған тәрбиені енді балаларыма берудемін. Өз басым қатал анамын деп айта алмаймын.

-Бос уақытыңызда әлеуметтік желілерде отырсыз ба?

-Әрине отырамын. Теледидар қарауға уақыт болмағандықтан ақпарат тарататын сайттарды оқып, соңғы жаңалықтармен, әсіресе, саяси жаңалықтармен танысып отырамын.

-Жұлдыз-жорамалға сенесіз бе?

-Бұл мүлдем дұрыс емес деп кесіп айтудан аулақпыз, әрине. Алайда, «жұлдыз-жорамал» деп аты айтып тұрғандай, бұл жай ғана болжам, жорамал болғандықтан, оның жүз пайыз сәйкес келетініне ешкім де кепілдік бермейді. Сондықтан, өз-өзімізді орынсыз алдамай, жұлдыз-жорамалды тек болжам ретінде ғана қабылдағанымыз жөн.

-Әңгіменізге рахмет. Болашақта көптеген шығармашылық табыс тілеймін. Шәкірттеріңіздің құрметі мен махаббатына бөлене беріңіз.

Сұхбаттасқан
Әсел КЕНЖЕТАЙ

Әріптестерге арналған достық өлеңдер авторы
Қадыр Жүсіп, идеясы - Қылышбай Сүндетұлы



Университет қонағы -Аңсаған Мұстафа

10 ақпанда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Жайық» мәдени-спорт кешенінде белгілі қылқалам шебері, иллюстратор, блогер Аңсаған Мұстафаның әлеуметтік тақырыптарға арналған «Сөйле, сурет!» атты университет жастарымен кездесу кеші өтті.

Кездесуге «Ақ босаға» газетінің бас редакторы Шолпан Ұғыбайқызы, Атырау облысы тарихи-өлкетану мұражайының басшысы Харипова Рашида Ермқызы, «Қыз Жібек» қыздар клубының мүшелері, дизайн және бейнелеу, журналистика мамандықтарының студенттері қатысты.

Ғаламторға салған суреттері арқылы әлемге танымал болған талант иесі, қазақтың саналуы иллюстраторларының бірі, өзіміздің жерлесіміз Аңсаған Мұстафа студенттермен кездесуге әлеуметтік тақырыптарға арналған «Сөйле, сурет!» атты графикалық

суреттерінің біразын ала келіпті. Талантына ең бірінші куә болған, өнерінің өрге жүзуіне өз ақыл-кеңесін берген, автордың ең алғаш еңбек жолын бастаған «Ақ босаға» газетінің бас редакторы, Мұстафа Аңсағанның анасы Шолпан Ұғыбайқызының айтуынша, оның қазақ жастарына арнап салынған суреттері түрік, жапон, грузин, қырғыз, ағылшын, орыс және тағыда басқа оншақты тілдерге аударылып, әлемді шарлап кеткен. Өзінің 11 жасында-ақ «Ақ босаға» газетінде еңбек етіп, қоғаммен ертерек араласа бастаған. Басылымда әлеуметтік мәселелер көтерілетін

болғандықтан, барлық суреттері өмірден алынған екен. Әсіресе жас қыздардың жүкті болуы, отбасылық жанжалдардың бала санасына кері әсері, ғаламторға тәуелділік және т.б көптеген әлеуметтік мәселелерді тақырып етіп, қылқаламымен көрерменнің санасына жеткізе білді, - дейді анасы.

Кеш барысында әлеуметтік желі арқылы автордың өнеріне тәнті жастар, Досмұхамедов университетінің белсенді студенттері толғандарып жүрген сұрақтарын қойып, үздік сауал иелері Аңсаған Мұстафаның қолтаңбасы бар арнайы футболкаға ие болды.

Жиын соңында қатысушылар автормен фотосуретке түсіп, естелік сыйлықтар тарту етті.

11 ақпан күні университет студенттері «Сөйле, сурет» аталған Аңсаған Мұстафаның жеке көрмесін «Атырау» сауда орталығынан тамашалады.

Әсел КЕНЖЕТАЙ



Оператор шеберлігі - үлкен өнер

27 ақпан күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің медиаорталығында «Журналистика» мамандығының студенттеріне арналған шеберлік сыныбы өтті. Бұл кездесу студенттердің тележурналистика саласындағы кәсіби біліктілігін арттыру мақсатын көздеді.

Болашақ телеоператорларға арналған, жалпы тележурналистиканы таңдаған жастар үшін шеберлік сыныбын облыстық «Қазақстан-Атырау» телеарнасының білікті маманы, тәжірибелі телеоператоры Тілекқабыл Ғұмаров өткізді. Оның айтуынша, телевизия туындыларының көркемдік сапасын арттыруда телеоператорлық өнердің алар орны айырықша. Жекелеген бейнелерді лайықты әрі кәсіби жоғары деңгейде түсірудің өзі камераны дұрыс орналастырудан, сурет нысаны мен камера екеуінің арасындағы қашықтықты дәл

сәйкестіруден, түсіру нүктені нақты белгілеуден басталатын күрделі өнер. Көрермен назарын эфирге аудару үшін, бейнебаянды жандандырып, мазмұнын тереңдету үшін жекелеген бейнеден басқа понарамалық, ракурстық, «наезд», «отъезд» тәсілдерін пайдалану сияқты тәжірибелерімен бөлісе отырып, журналисттің идеясын көрерменге нақты әрі әдемі көрсетуде телеоператордың атқаратын рөлі ерекше екендігіне тоқталды.

Тәжірибелі телеоператордың шеберлік сыныбы студенттердің теле журналистикаға деген қызығушылығын арттыра түсті.

Жастар Мұқағали өлеңдерін жатқа оқыды

Биыл қазақтың әйгілі лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына 85 жыл. Осыған орай оқу орнында бірқатар арнайы іс-шаралар ұйымдастырылды.

4 ақпанда ғылыми кітапхана мен гуманитарлық ғылымдар және шетел тілі факультеті студенттерінің ұйымдастыруымен «Мұқағали - мәңгілік ғұмыр» атты әдеби-сазды кеші өтті.

Шара барысында ғылыми кітапхана директоры А.Даутқұлова ақын жөнінде мағлұмат беріп, ақынның өз дауысымен жазылған «Пай, пай өмір» атты бейнеролик көрермендер назарына ұсынылды. Гуманитарлық ғылымдар және шетел тілдері факультетінің жанынан құрылған «Нұр» жас ақындар клубының мүшелері ақынға арналған жүрекжарды өлеңдерін арнаса, өзге студенттер ақынның өлеңдерін оқыды.

Ақынға арналған кеш 9 ақпанда университет фойесінде жалғасты. Көркемсөз шеберлерінің байқауы түрінде өткен бұл шараның мақсаты қазақ поэзиясының Хаңтәңірі атанған Мұқағалидың қайталанбас қасиеттерін оқырмандарға насихаттау, ақын шығармаларының идеялық-көркемдік мазмұнын ашу, өлеңді

мәнерлеп жатқа оқуға дағдыландыру болатын.

Педагогика кафедрасының доценті Айдар Сабыров ақын шығармашылығы туралы өз ойымен бөліссе, педагогика және психология факультетінің оқытушысы Баршагүл Стамгазиева ақынның өлеңдерін жатқа оқыды.

Ал, республикалық «Абай оқулары» байқауының жеңімпазы, Мұқағалидың 100-ден аса өлеңін жатқа білетін Нағимова Ақерке ақынның бірнеше өлеңін оқып, көрермендерді ақын шығармаларымен сусындатты.

Шараға қатысқан белсенді студенттер Нағимова Ақерке, Абат Арман, Зинеденов Еркебұлан, Таушова Назгүл, Танатаров Қуаныш, Зайдуллина Кәмшат, Мерей Арыстан, Орынбасаров Рахымжан, Қайдаров Ринат университетіміздің ректорының Алғыс хатымен марапатталды.

«Поэзия! Менімен егіз бе едің?» атты кітап көрмесі мен бейнебаян да



көрерменге мол мағлұмат берді.

18 ақпанда осы бағытта жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық факультеті Қытай, Өзбекстан, Монғолия мемлекеттерінен келген тыңдаушылар арасында «Мұқағали - мәңгілік ғұмыр» атты музыкалық-шығармашылық кеш ұйымдастырды. Кеште ұлы ақынның шығармашылығынан таңдаулы өлеңдері оқылып, әндері шырқалды. Сондай-ақ, Қытай мемлекетінен келген тыңдаушылар арасынан Талап Ерзат,

Бағдат Тілектер өздерінің жүрекжарды өлеңдерін ақынның рухына арнады. Кешке гуманитарлық ғылымдар және шетел тілдері факультетінің деканы, профессор А.Ахмет, университеттің №2 оқу залының кітапханашысы Н.Умбеталиева, жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық факультетінің деканы Б.Асановалар қатысып, ақын шығармашылығы туралы өз ойларымен бөлісті.

Баспасөз қызметі

АТЫРАУЛЫҚ МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛДЫ

18-19 ақпанда университетте «Орта білім беру сапасын арттыру проблемалары және оларды шешу жолдары» тақырыбында атыраулық педагогтарға арналған екі күндік біліктілікті арттыру курсы өтті.

Семинарды Досмұхамедов университетінің ректоры, профессор Бейбіт Баймағамбетұлы Мамраев салтанатты түрде ашып, қатысушыларға курсты өткізетін Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Құсайынов Асқарбек Қабыкенұлын таныстырды.

А.Құсайынов Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының президенті, «Вестник» АПНК журналының бас редакторы, Ресей білім академиясының шетелдік мүшесі, 5 отандық және халықаралық академиялардың академигі, бірқатар жоғары оқу орындарының «Құрметті профессоры», еліміздің

білім беру саласы бойынша танымал маман. 40-қа тарта монографиялардың, оқулықтар мен оқу құралының, 9 кітаптың, 300-ден аса ғылыми және мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалардың авторы Асқар Құсайынов университетіміздің кітапханасына өзінің бірнеше құнды кітаптарын сыйға тартты.

Сонымен қатар профессор А.Құсайынов университет ректоры Бейбіт Баймағамбетұлына Қазақстанның Педагогика ғылымдарының Академиясының толық мүшелігі туралы куәлікті табыс етті.

Қазақстандағы салыстырмалы педагогика ғылымдарының негізін салушы Асқар Қабыкенұлы семинар барысында еліміздегі орта



білім берудің ағымдағы жағдайына талдау жасап, мектепте білім беру сапасын жақсарту бойынша әлемдік тәжірибеге шолу, білім сапасының негізгі принциптері, оқытудағы даралық ерекшеліктер мен даму деңгейін диагностикалау тақырыптарына тоқталды.

Курсқа жоғарғы оқу орнының, колледждердің оқытушылары, мектеп мұғалімдері, магистранттар мен студенттер, Батыс Қазақстан облысынан келген мұғалімдер қатысты.

Тыңдаушыларға ҚР-ның Педагогика ғылымдары академиясының

сертификаты тапсырылды.

Университет Ғылым кеңесінің шешімімен Асқарбек Қабыкенұлына Х.Досмұхамедов университетінің Құрметті профессоры атағы берілді.

Әсел КЕНЖЕТАЙ

ФАКУЛЬТЕТТЕР АПТАЛЫҒЫ

КОНФЕРЕНЦИЯҒА 90 СТУДЕНТ ҚАТЫСТЫ



2016 жылғы 15 ақпанда психология және педагогика факультетінің апталығы аясында «Педагогика» кафедралaborаториясының ұйымдастыруымен «Білімді жастар – жарқын болашақтың кепілі» тақырыбындағы магистранттар мен студенттерге арналған факультетішілік ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференция 3-секциядан құралды:

1-секция: «Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудегі инновациялық технологиялар»;

2-секция: «Мәңгілік ел» идеясы мән-мәтініндегі психологияның өзекті мәселелері;

3-секция: «Еліміздің тәуелсіздік жылдары: білім мен тәрбие».

Конференцияға секция бағыттарына сай 90-ға жуық баяндама түсті. Конференцияны университеттің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры С.Н.Идрисов кіріспе сөзбен ашып, студенттердің ғылыми зерттеу жұмысы болашақ өмірлеріне нақты бағдар беретіндігіне назар аударды.

Сонымен қатар конференцияға факультет деканы, п.ғ.к., доцент Л.Е.Қойшығұлова қатысты. Конференция жұмысын жүргізген «Педагогика» кафедралaborаториясының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор Ш.И.Джанзакова іс-шараны қорытындылап, жастардың ғылыми ізденістеріне сәттілік тіледі.

УНИВЕРГЕ САЯХАТ

2016 жылғы 1 ақпан күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің гуманитарлық ғылымдар және шетел тілдері факультетінде факультет апталығы аясында «Ашық есік күні» ұйымдастырылды. «Ашық есік күніне» №23 және №34 мектеп оқушылары қатынасты. Шара барысында кафедра меңгерушілері оқушыларға өз мамандықтары бойынша ақпарат берді. Сонымен қатар, оқушыларға университет пен факультет ішіне экскурсия ұйымдастырылды. Оқушылар шарадан жақсы әсер алып тарқасты.

СТУДЕНТТІК ДЕКАНАТ ЖАРАДЫ



Жаратылыстану ғылымдары факультетінің апталығы аясында Атырау қаласының №15, 19 орта мектептерінің оқушылары факультетке келіп, мамандықтармен танысты. Мектеп оқушыларын факультеттің студенттік деканаты қарсы алып, университетпен таныстырды. Факультет жетістіктері көрмесі ұсынылып, видеоролик көрсетілді. Мектеп оқушылары география кафедрасының аға оқытушысы Е.С.Қабиевтің «Қазақстандағы ерекше қорғауға алынған аймақтар» тақырыбындағы интерактивті дәрісін тыңдады.

ФАКУЛЬТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖЕТІСТІГІН НАСИХАТТАДЫ

Университетте Жастар саясаты департаменті және Медиаорталықпен факультеттер апталығы ұйымдастырылды. Апталық мақсаты- университетте студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту, белсенді студенттік көшбасшыларды анықтау, студенттік ұйымдар қызметінің ұйымдастырылуын алға қою. Осыған орай Экономика және құқық факультетінің апталығы 2016 жылдың 8-12 ақпан аралығында факультет студенттік деканатының

ұйымдастыруымен болып өтті. Бірінші күні «Білімді өнерлі жастар-болашақ кепілі» атты апталықтың ашылу салтанаты, Ашық есік күні ұйымдастырылса, апталықтың калған күндері «Угадай мелодию» сайысы, «Эрудит» ақыл-ой интеллектуалдық сағаты, «Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл» атты эстафета ойындарымен жалғасты.

Апталық барысында Елбасының Қазақстан халқына жолдауын талқылау мақсатында «Ұлт жоспары- Қазақстандық арманға ба-

стайтын жол» атты ашық сабақ, «Қазіргі жастар қоғамындағы технологиялық прогрестің әсері» дебаты жоғары деңгейде өтті.

Факультеттің белсенді студенттерімен ұйымдастырылған апталық студенттік деканат қызметін жақсы жағынан насихаттап, болашақ мамандармен студенттік өмірдің қиын да қызықты шақтарын әсерлі көрсетіп берді.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДАР - ФИЗМАТТА

2 ақпан күні физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінде «Стандарттау, сертификаттау және метрология» мамандығының 3 курс және «Математика» мамандықтарының 1 курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Алтын сапа» тақырыбында интеллектуалдық ойын және «Достық - асыл қазына» атты семинар өткізілді.

Интеллектуалдық ойында студенттер білімімен қатар, ойлау қабілеті, шашаңдығы және кәсіпкерлік қабілеттерін көрсете білді.

Ал, студенттерді шынайылыққа, адамгершілікке, әдемілікке, қарапайым және адал дос болуға тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған семинар жоғарғы деңгейде өтті.



ӨНЕРЛІ СТУДЕНТТЕР КІШІ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫНА БАРЫП КЕЛДІ

17 ақпан күні өнер және спорт факультетінің апталығы аясында аталмыш факультет студенттері Н.Тілендиев атындағы кіші өнер академиясында оқушыларға кәсіби бағыт-бағдар беру бойынша «Болашаққа - жарқын жастармен» атты кездесу өткізді. Кездесу барысында музыка және өнер, бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының студенттері өздерінің төл туындылары, қиялдарынан шыққан көздің жауын алар сән үлгілерін көрсетіп, көркемөнерпаздар өз өнерлерін ұсынды.

*С юбилеем, уважаемый
Анатолий Владимирович!*

Поздравляем
замечательного педагога,
наставника, профессора
Анатолия Владимировича БЛОХИНА
с 70-летием!

Вы прошли большой профессиональный путь,
снискали уважение коллег по университету,
признание студентов.

Вы всегда принимаете активное участие
в общественной жизни не только университета,
но всего региона. Мы высоко ценим Ваш
профессионализм и педагогическое мастерство.
В этот особенный день желаем Вам оптимизма,
отличного настроения, крепкого здоровья!

Ректорат



Оқытушылар мен қызметкерлердің дәстүрлі спартакиадасы

Үстіміздегі жылдың қаңтар айының 11 мен 21 аралығында Атырау мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылары және қызметкерлері арасында дәстүрлі 64-ші спартакиада өткен болатын. Спартакиада жарыстары баскетбол, волейбол, үстел теннисі, жеңіл атлетикалық кросс, арқан тарту, шахмат, футбол сияқты спорттың 8 түрінен өтті.



Спартакиада өте тартысты, әрі қызықты өтті. Әсіресе, баскетбол, футбол, арқан тарту, волейбол түрлерінен қатынасшылар өткен жылғымен салыстырғанда өздерінің дайындық деңгейінің жоғарғы сапада екенін көрсете білді. Жалпы техникалық және тактикалық дайындықты көрсете білген командалар қатарына баскетболдан,

шахматтан, үстел теннисінен «Өнер және спорт» факультетін, мылтық атудан шаруашылық департаментін, жеңіл атлетикалық кросс, волейбол, футболдан ректорат командасын, арқан тартудан экономика және құқық факультетін ерекше атап өтуге болады.

Спартакиада қорытындысы бойынша төмендегі командалар

жүлделі орындарға ие болды:

I орын - Ректорат құрама командасы.

II орын - Өнер және спорт факультеті.

III орын - Гуманитарлық ғылымдар және шетел тілдері факультеті.

Сонымен қатар үздік ойыншылар да арнайы сыйлықтарға ие болды.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының I курс студенті Назым ИЩАНОВАНЫ Астанада әйелдер боксы бойынша өткен ел чемпионатының алтын алқасын иеленуімен шын жүректен құттықтаймыз!



Көңілді старт

Университет факультеттері апталығы аясында «Жайық» мәдени-спорт кешенінде «Көңілді старт» спорттық-сауықтыру іс-шарасы өтті. Сайысқа «Тұлпар» және «Жалын» топтары қатысты. Сайысқа қатысушылар баскетбол, футбол тәсілдерімен эстафета, жеңіл атлетикалық кедергілерден жоғарыдан, төменнен жүгіріп өту, гимнастикалық төсеніштен алға қарай домалау, шығыршықпен жүгіру, «тоннель» эстафетасы, лекте допты жарыстыру, аударыспақ, теңге алу, әуедегі таяқ, құрамдастырылған эстафета, яғни баскетбол добын аяғына қысып бағанаға дейін жүгіру, кері қарай секірмемен жүгіру сияқты спорттық ойындар бойынша жарысты.

Сонымен қатар I курс студенттері арасында салауатты өмір сүру салтын насихаттау, достық пен сыйластыққа тәрбиелеу мақсатында спорттық гимнастикадан өткен жарыс та ерекше әсерлі болды. Жарысқа 175 студент қатысты.

Нәтижесінде III орынды «Қаржы» мамандығының 109-топ студенті Еділ Айгерім, II орынды «Қаржы» мамандығы 110-тобының студенті Рахимова Диана, I орынды «Тарих» мамандығының 102-тобының студенті Асқарова Жанар жеңіп алды.

Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері мадақтамалармен және ескерткіш сыйлықтармен марапатталды.

Палуандар жарысы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Жайық» мәдени-спорт кешенінде университет студенттері арасында «Қазақша күрестен» жарыс өтті.

Досмұхамедов университетінің студенттері арасында өткен бұл жарыс 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 30 жылдығына орай ұйымдастырылды. Жарысқа барлық факультеттерден 55, 60, 66, 74, 82 кг. салмақ бойынша 39 палуан қатысты.

Сайыс қорытындысы бойынша Азимов Асланбек – III орынды, Зинолла Ақылбек - II орынды, Чапаев Асқар - I орынды жеңіп алды. Университет палуаны атанған жігіттерді жеңістерімен құттықтаймыз!

Жарыстың жабылу рәсімінде сөз алған университет ректоры, профессор Б.Б.Мамраев спорттың жастардың өз уақытын тиімді пайдалану, денсаулығын шыңдау үшін аса маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар аталмыш сайысты ұйымдастырған спорт кафедрасының оқытушысы Рафаэль Хабировке алғысын білдірді.

Оқу орнының дамуына, оның ішінде спорттық білім беру саласына үлес қосқан еңбек ардагері Қадырханов Бисенбай Қадырханұлы «Спорт ардагері» төсбелгісімен марапатталды. Ұжым атынан Бисенбай Қадырханұлын марапатымен құттықтаймыз!

Баспасөз қызметі

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Г.Қайырғалиева - редактор, 27-63-29

П.Тулин - дизайнер-бет құрушы

Е.Қоянғалиев, Е.Мугитуллин - фотографтар

Б.Нсанова - хатшы

«Университет» газетінің меншікті тілшілері:

Самал Альдешова, Ұлан Иманғалиев,

Әсел Кенжетай, Абай Ақмұрзиев, Ботагөз Нысанова

Ақылдастар алқасы: Б.Мамраев - ректор, Б.Жаутиков - бірінші проректор,

Қ.Сүндетұлы - кәсіподақ төрағасы

Авторлар жарияланымдарындағы пікірлер редакция көзқарасы еместігін ескертеміз

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №2659 куәлік берілген 04.02.2002 ж. Газеттің жылына 6 нөмірі шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс № 284 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй Тираж 1000 дана